

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Бөбек лүпілі »жеке меншік балабақшасы.

Топ: кіші жас топ «Балдырған»

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11 - 01.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні Далабаева.М.Қ.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, оны атауды үйрету,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастауды және суару үлгісін	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына өздігінен қоюды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету;

	ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	көрсету.	қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету.	ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау керектігі туралы түсіндіру.
	Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді педеготен кейін қайталап айтып, жаттығу жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау. Алақай! Алақай! (шапалақтау)	"Қолғап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан көркемсөз жолдарының ырғағы мен мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, бәріміз бірге ойнап көрейік.	"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын қалыптастыру; қардың жауғанына қарап, қыс туралы тақпақты педагогтің соңынан мәнерлеп айтуға ынталандыру. Аулаға қыс келді, Қыс келді, Қыс келді. Қар шатырға түседі, Қар ағашқа түседі,	"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). Мақсат-міндеттері. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта	"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әрбір балықтың

	Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), Бір-екі! Бір-екі! (жұдырықты түю және ашу) Қарды қағып, бір-екі (қолды қағу). (сөйлеуді дамыту)	Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды бір-біріне уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарды ары-бері қозғау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Қар жерге қарай төменге, Бұлттан баяу түседі. Қарлар - жеңіл нүктелер, Көрінбейді бұлт пен жер. Түсіп жатыр, Түсіп жатыр, Аппақ көрпе жауып жатыр. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)	мамығын ашылған алақанға салып, оған үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашамын, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып кетті. Қ. Мырза Әли "Қар". Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында әртүрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. (сенсорика)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарап, барлығы қол ұстасып тұру. 1-1 қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.				

	1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау). 2. Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ, иық деңгейімен бірдей. 2-1 қолды жібермей ұстау, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту. 2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықтан бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей. 3-1 қолды жібермей ұстап тұрып, бірінші жұп секіреді. "Секіреміз доптай!" деп айту. 3-2 қолды жібермей екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Таңғы ас	Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Қыс келді! Ду қол шапалақ! Қыстың тоны аппақ! Аппақ аула, Қуанады бала. Қыс келді! Ду қол шапалақ! Д. Ахметова

	(сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Біз ептіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту дағдыларын қайталату; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; жүгіру шапшаңдығын бекіту. "Допты досыңа бер" қимылды ойын. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды ырғақты түрде орындау қабілетін дамыту, допты белгі бойынша беру, денені оңға және солға бұру, қозғалмалы нысанаға	Музыка "Жайсаң күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; жомарт күздің мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айту қабілетін дамыту; дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету; ырғақты қимылды қайталай білу дағдыларын	Дене шынықтыру. "Секірейік, тоңбайық!" Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында тұрып екі аяқпен бірге секіруді үйрету; секіру дағдыларына машықтандыру; бір орында тұрып секірудің техникасын жылдам меңгеруді үйрету. Балаларды бір орында екі аяқпен бірге секіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; орнында тұзу тұруды икемін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.	Дене шынықтыру "Кенгуру ұксап секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орында тұрып, екі аяқпен бірге секіру дағдысын дамыту; бір орында тұрып секірудің техникасын жетілдіру; балаларды бір орында екі аяқпен секіру жаттығуын ынталанып жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту. "Кенгуру" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Межеге дейін екі аяқты қосып секіріп баруды үйрету.	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қар". Мақсат-міндеттері. Балаларға ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауды үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдерін жаттықтыру; ойын барысында қардың қасиеттері туралы түсінік беру. Мүсіндеу арқылы қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексаздан мүсіндерді мүсіндеуге

	лақтыру, лақтыру және жүгіру, шеңберге салу дағдыларын бекіту.	жетілдіру. "Түсінен таны" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; эмоционалдық мінезін тәрбиелеу.	"Кенгуру" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында екі аяқты қосып секіруді, екі аяқпен секіріп жүгіруді үйрету.		қызығушылықтарын ояту; құрдастармен ойын ойнау кезінде өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. Ауада мүсіндеу жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қар кесегін шартты түрде ауада илеуді көрсету.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда	Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда	Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлтты күн туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұрланса қар жаууы ықтималдығын	Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын қардың жоғарыдан төмен ақырын түсетініне аудару, қардың ақшақарлардан	Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың

жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, айналамызда қар жатыр. - Қар қайда жатыр? Қар жерде жатыр. Жарайсыңдар! <i>Т. Шонаев "Қар".</i> Жауды, міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды, Тегістепті орларды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері.	жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, ақ қар жатыр. - Ақ қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Не болған мына далаға? Ағаштар аппақ тонда, Бұталар аппақ болған, Ақ жолдар ізге толған. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтармен қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің	байқату. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Аспанның түсі көгілдір ме? - Аспанның түсі сұр. - Аспан сұр болса, қар жауады. Көк аспанды жаулайды Қалың сұр бұлттар. Бір жауса тоқтамайды Аппақ жауын, аппақ қар. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	тұратынын, олардың жеңіл мамықтай ұшатынын байқату; зейін, түйсік, ой-қиялын дамыту. <i>Шәймерден Әлдибекұлы "Қар".</i> Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. - Балалар, байқадыңдар ма? Дала қандай тыныш! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға	жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Не көріп тұрсыңдар? - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Қыста күн суық болады. - Адамдарға жылы киінеді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады. Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала.
--	---	---	--	--

Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағына сай адымдап жүруге машықтандыру; жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді.	үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларға көркемсөзді оқу арқылы қимылдарға	топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу. "Алақай!" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің көрсетуімен және тақпақ сөздерінің ырғағына сай қимылдар жасауға талпындыру; қыстың қызықты құбылыстарын жағымды көңіл күймен қарсы ала білу қабілеттерін дамыту. - Балалар, қыс мезгілі келді. - Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы. - Алақай! Алақай! (шапалақтау)	машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты	Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова. - Иә, аққала да жылы киінді. - Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Бері шыға ғой,
---	---	---	---	--

	Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп келіп асықпай. Балалар сапқа жиналып тұрады, барлығы ашық жолмен жүреді. Жаттығу екі рет қайталанады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірге тату ойнауды,	ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай үлгерейік. - Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова	Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты түю және ашу) Қарды қағып, бір, екі (алақанды қағу). "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қасиеттерін дамыту.	тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шашылған қарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған	қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. Бері шыға ғой, қоян! Ақ құлақтармен ойна! Былай көрсет,
--	---	--	--	--	---

	ойыншықтарды бөлісуді үйрету.	"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен жүріп қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.		кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	Былай көрсет, Ақ құлақтармен ойна! "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды сапға (түзу сызық немесе жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Түскі ас	Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Түскі ұйқы	Тақпақ. Қатты шаршап аяғым,				

	Жүргісі де келмейді. Күні бойы секіріп, Тіпті дамыл көрмейді. Қатты шаршап қалыпты, Демалсын екі аяғым. Тынығып-ап азырақ, Тағы жолға салайын! Ұйықтар алдында киімдерін орындық басына ілу дағдыларын бекіту. Өртүрлі түймелеу түрлерін үйретуді жалғастыру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	“Ұйқыдан кейінгі шынығу іс-әрекеттері”. Ояну. Тәрбиеші қоңырауды сыңғырлатады. Сыңғырлаған қоңырау, Өркез жанымнан табылар. Қоңыраудың үнінен, Мен ояндым ақыры. Уақытымен үнемі, Жаттығамын жалықпай. Әнші "алтын қоңырау" Сыңғырлайды қалықтай! Кешенді шынығу жаттығулары. “Марғаулар оянады”. (Балаларға төсекте жатып керілуді, арқаны жазып, қолды жоғары созып, бір бүйірден екінші бүйірге бұрылуды ұсыну.) Кіп-кішкене марғаулар, Пырылдайды үнемі. Жайғасыпты кілемде, Оянғысы келмейді.

	Жалқауланба, марғауым, Қандай сенің таңдауың. Бойыңды жаз, керіліп, Қалғандайсың керіліп. Жеңіл уқалау. (Қол және аяқ саусақтарын жоғары қарай уқалау, белді, арқаны, кеудені жазу.) Аяқ ұшымен жатын бөлмеде жүру. Керілдік, жылдам тұрдық, Аяқтың ұшымен жүгірдік... “Денсаулық жолдарымен” жүру. “Топ, топ, топ,” адымдайды біздің аяқ. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу дағдысын бекіту. "Балалар қолдарын жуады" тақырыбы бойынша иллюстрацияларды қарастыру және сол бойынша әңгімелесу. "Біз қолымызды қалай жуамыз?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: қолды жуу дағдысын жетілдіру. Жаттамақ оқу: "Мөлдір су". (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Қорқақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру	"Қоян қайда?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне", "анда", "бұнда" "бар",	Сурет салудан ойын-жаттығу "Аппақ қар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның түгін бояуға малып, алдын ала	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Алақай, қыс келді!" Мақсат-міндеттері. Балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру; қыс

ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өздері қол жеткізген нәтижені көруді, оған қуануды үйрету. - Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. "қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" "қызыл домалақ" + "көк домалақ" +	қабілетіне үйрету; эртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, түсі және түрлі топтама қасиеттері мен сапасы бойынша бірін-біріне сәйкестендіруге дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру. "Қоян қайда тығылды?" дамытушы ойын- жаттығуы. Мақсат-міндеттері.	"жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын сілтеу есімдіктерін қолданып айту. - Балалар, бізге қонаққа қоян келді. - Қоян бізбен ойнағысы келеді. - Ол жасырынса, тауып алу керекпіз. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне", "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз. Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана	боялып қойған көк түс алаңын қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдармен, нүктелі дақтармен толық бояуды үйрету; қылқалам түтіндегі бояудың бітуін бақылап, бояуға қайта малу амалын қолдануға дағдыландыру; қылқалам қалдырып жатқан "нүктелерді" балалардың бос жерлерге қайта салып отыруын қадағалау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; қыс мезгілі туралы түсінік беру. "Шыршаларды құрастырайық"	мезгіліне тән табиғат құбылыстармен таныстырып, қыс айларының адам өміріне пайдалы ықпалы туралы түсініктер негізін қалыптастыру. "Биіктен төмен тізбек" дамытушы ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Заттардың биіктігін салыстыруды үйрету. "Күн райы" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балаларға ауа райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды үйрету; атауларын атауға ынталандыру; ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен
---	---	---	---	--

	"сары домалақ" + "жасыл домалақ" "қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы" Педагог әр баланың тапсырманы орындау тәртібін бақылайды. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	Түстерді ажыратуды бекіту. "Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға киім түрлерін атауды, ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдерін қалыптастыру. Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер. - Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз? - Қайда кигіземіз? Көрсетіндерші. Балалар кезегімен шығып, педагогтің	үндемей. Д. Ахметова Көркемсөзден кейін педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады.	үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз). Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін,	танысу)
--	---	---	--	--	-----------------------

		көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді үйренеді. Киім үлгілерінің барлығы айтылып шығуы керек.		педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады. <i>III. Әлдибекұлы</i> <i>"Қар".</i> Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қыр қарлар. Қалың-қалың тоң киіп, Маужырайды шыршалар. (көркем әдебиет, сенсорика, құрастыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" Алақай! Алақай! Келді суық қыс міне, Біз далаға шығамыз, Жаттығу жасаймыз, Бір, екі! Бір, екі! Қарды қағып, бір, екі! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана үндемей. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	III. Әлдибекұлы "Қар". Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қыр қарлар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. (сөйлеуді дамыту)	"Қар жауды". Мақсат-міндеттері. Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алу, шарларды илеу амалдарын игерту. (сөйлеуді дамыту)

Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қарды бақылауды жалғастыру. (қар басқан алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың қысқы қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, ол туралы айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? <i>Т. Шонаев "Қар".</i>	Қарды бақылауды жалғастыру. (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың қысқы қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, бұл айналада қар жатыр. - Қар қайда жатыр?	Бұлтты аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлтты күн туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұр болса, қар жаууы ықтималдығын байқату. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Аспанның түсі көгілдір ме? - Аспанның түсі сұр. - Аспан сұр болса, қар жауады.	Қарды бақылауды жалғастыру. (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне аудару, қардың ақшақарлардан тұратынын, оның жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейін, түйсігін, ой-қиялын дамыту. <i>Шәймерден Әлдибекұлы "Қар".</i> Ақ мақтадай ұлпа қар	Қысқы күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қысқы күннің бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Не көріп тұрсындар? - Иә, айналада қар жатыр.

Жауды, міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды, Тегістепті орларды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері.	- Айналаның бәрі аппақ. Не болған мына далаға? Ағаштар аппақ тонда, Бұталар аппақ болған, Ақ жолдар ізге толған. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақпен қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды	Көк аспанды жаулайды Қалың-қалың сұр бұлттар. Бір жауса тоқтамайды Аппақ жауын, аппақ қар. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу. "Алақай!" қимылды жаттығуы. (дене	Жамылыпты қыр қалар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. - Балалар, байқадыңдар ма? - Дала қандай тыныш! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)	- Аспанымыз сұр (көгілдір). - Қыста күн суық. - Адамдарға қараңдаршы, балалар, олар жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса, өзінің үстінен көрсете де алады. Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова. - Иә, аққала да жылы киінді. - Балалар, қоян да
---	---	--	--	--

	Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағымен адымдап жүруге машықтандыру; жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп келіп асықпай. Балалар сапқа жиналып, ашық жолмен жүреді. Жаттығу екі рет	басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларға көркемсөзді оқу арқылы қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің көрсетуімен және тақпақ сөздерінің ырғағына сай қимылдар жасауға талпындыру; қыстың қызықты құбылыстарын жағымды көңіл күймен қарсы алуға тәрбиелеу. - Балалар, қыс мезгілі келді. - Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы. - Алақай! Алақай! (шапалақтау) Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), Бір, екі! Бір, екі!	Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен	жылы ақ тонын киіп алды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтармен қылшақтармен тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен жүріп, барлығымен
--	---	---	--	---	---

	қайталанады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету.	Ал енді біз жүгірейк, Саптан қалмай, үлгерейік. - Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	(жұдырықты түю, қайта ашу) Қарды қағып, бір, екі (алақанды қағу). "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларда нысанаға қапты (құм салынған қап) дәлдеп лақтыру, ептілік, мергендік қасиеттерін дамыту.	тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шашылған қарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу дағдыларын жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. Бері шыға ғой, қоян! Ақ құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Ақ құлақтармен ойна! "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.
--	--	---	--	---	---

					Балаларды (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша сапқа тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қиылған бөліктерден тұтас суретті жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика) Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: қыс мезгілі туралы ән салуға шақыру. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілінің суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық дағдылар) "Шұбар тауық" ертегісін рет-ретімен құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: балаларды бірнеше суреттерден "Шұбар тауық" ертегісінің желісін құрастыруға машықтандыру; еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, алдарыңда жатқан бірнеше суреттерге қараңдар. Оларды "Шұбар тауық" атты ертегінің желісі бойынша бір ретке тізіп алайық. - Карточкаларда қандай ертегі бейнеленген? Қандай суретті бірінші орналастырамыз? Онда не бейнеленген?				

	Ата мен әженің үйінде не бар? Енді қандай суретті қою керек? Тауық не істеді? Керек суретті тап. Одан кейін не болды? Жұмыртқаны бірінші кім жарып көрді? Ата ма, әже ме? Одан кейін не болды? Қай суретті ең соңына қоямыз? Тауық ата мен әжені қалай жұбатты? (Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап бере отырып, карточкаларды орналастырады.) Тауық көп жұмыртқа тапты, бірақ алтын емес, жай жұмыртқалар. Олардан балапан басып шықты. Қане, балалар, балапан болыңдаршы.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу".

Тексерген: Бекишева М.А. 